

## Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 33 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 6 сәуірде № 4175 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 17 мамырдағы № 137 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 17.05.2024 № 137 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 06 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 8) тармақшасына және "Ата-ана сынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-ана сынның қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Балқаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін үйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан үйымдар үшін үйымның жұмыскерлерінің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Смағұлов Сайран Сейткемелұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г. Токпеисов